

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Гусаковка ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 31 шілдедегі № 1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 1 тамызда № 5519 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Гусаковка ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 10 ақпандағы № 5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Гусаковка ауылдық округі әкімінің 10.02.2020 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, Айыртау ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының міндетін атқарушының 2019 жылғы 11 шілдедегі №06-18/118 ұсынысы негізінде, Гусаковка ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Гусаковка ауылдық округінің Гусаковка ауылындағы "Гусаковка" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің №1 бөлімінде ірі қара мал арасында бруцеллез бойынша шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Гусаковка ауылдық
округінің әкімі*

Е.Таласов